

А.С. Әділова<sup>1,\*</sup>, Б.С. Каукербекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>Қарағанды медицина университеті, Қазақстан

(E-mail: adilova2010@mail.ru, baglankaukerbekova@mail.ru)

## Абай және қазіргі қазақ көркем мәтіндері

Мақалада хакім Абай өлеңдерінің қазіргі қазақ көркем әдеби үдерісіндегі орны қарастырылған. Әр автор оқырманға өз дүниетанымын, түрлі сипаттағы оқиға-жағдайға қатысты өз түйсінуін көркем мәтін арқылы жеткізеді. Оның сөздік қоры ұлт тіліндегі сан алуан тілдік құралдармен қатар, танымдық кеңістікте түрлі деңгейде белгілі әр қилы мәтін бөліктерін, өзінен бұрын шығармашылықпен айналысқан тұлғалардың сөзқолданысын да қамтитыны байқалады. Ондай фрагменттер кейде еш өзгеріссіз қолданылса, енді бірде өзгертілуі мүмкін. Қазақ лингвомәдени қоғамында қолдану жиілігі жоғары күшті әдеби мәтіндер деп Абай шығармаларын атауға болады. Абай өлеңдерінің құрылымдық, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, тұтас мәтін деңгейіндегі цитациясы қазақ әдеби үдерісінің кейінгі 60–70 жылында поэзия және проза мәтіндерінде тұрақты кездесетіні байқалады. Бұл орайда М. Мақатаев, М. Мағауин, Ж. Әбдірашев, Ғ. Жайлыбай, Г. Салықбай, М. Райымбек, Ж. Сәрсек сияқты ақын-жазушылар мәтіндері бірден еске түседі. Бұл үрдісті ХХІ ғасырда шығармашылықпен айналысып жүрген жастар да жалғастырып жүргенін айта келе, авторлар Абай мұрасы элитарлық тілдік тұлға саналатын ақын-жазушылардың бірнеше буыны үшін сөз өнерінің эталоны, өлшемі болатыны сөзсіз деген қорытынды жасайды.

*Кілт сөздер:* көркем мәтін, күшті әдеби мәтін, Абай өлеңдері, элитарлық тілдік тұлға, цитация.

### *Kipicne*

Функционалды стиль мәтіндері арасында лингвистикалық тұрғыдан жиі сипатталатын мәтіндердің бірі де бірегейі — көркем мәтін. Қандай болсын қаламгер өзін қоршаған ортаны, болмысты, қоғамдық-әлеуметтік жағдайды, саяси-идеологиялық құрылымды танып-түсінуін оқырманға көркем мәтін арқылы жеткізеді. Әр ақын-жазушының тілдік қорында, семантикалық ұзақ мерзімді жадында жалпыхалықтық қолданыстағы лексика-фразеологиялық бірліктер, халық афоризмдерімен қатар өз контексінен ажыраған немесе контексті көмескі әр қилы сентенциялар, оның өзінен бұрын өмір сүрген ақын-жазушылардың сөзқолданысы бірде саналы түрде, енді бірде бейсана кездесіп қалып отырады. Шығармашыл тұлғаның өз көркем мәтінінде лингвомәдени қауымдастық мүшелерінің көбіне таныс, белгілі шығармалардан түрлі деңгейдегі, түрлі көлемдегі үзінділерді қолдануының өзіндік себебі, мақсаты бар. Көп жағдайда бұл үрдіс ақынның не жазушының танымынан хабар беріп, оның әдеби ортадағы замандастарын, алдыңғы буын өкілдерін бағалауын көрсетеді. Ал бұл оқырман үшін де маңызды, себебі ол автор келтірген түрлі фрагменттерді тану-танымауына байланысты өзінің ұлттық және әлемдік мәдениет үлгілерін қаншалықты білетінін анықтай алады.

\*Корреспондент-авторы. E-mail: adilova2010@mail.ru

*Зерттеудің деректері мен әдістері*

Ұлттық элитарлық тілдік тұлға деп есептеліп, халық руханиятына қызмет жасайтын, өз ой-көзқарасымен оқырмандарына тікелей де, жанама да әсер ететін ақын-жазушылардың танымдық базасының қалыптасуы ғылыми айналымда күшті әдеби мәтіндер, күшті әдеби емес мәтіндер, бұқаралық мәдениет мәтіндері [1; 157] деп аталатын мәтіндерге байланысты болады.

Күшті әдеби мәтіндер уақыт және әлеуметтік жағдайларға қарамастан, белгілі бір лингвомәдени қоғам мүшелерінің көпшілігі үшін құнды болып есептелетін, әр жаңа буын үшін маңыздылығы, қажеттілігі үнемі байқалып отыратын, әр адам өзін толғандырған сұрақтарға жауап таба алатын, жалпыадамзаттық ұстанымдар мен құндылықтарды насихаттау нәтижесінде қалың көпшілікке рухани күш-қуат беретін, ұлттық діл-болмысты қалыптастыратын көркем мәтіндер.

Күшті әдеби емес мәтіндер ретінде әр қилы дін өкілдері үшін барлық адами қасиеттер мен мінез-құлық, өмір сүру қалып-ұстанымдарының, түрлі жағдаяттардың өлшемі, құндылықтардың қайнар көзі болып саналатын сакралды мәтіндер (Құран, Библия, Тәурат), сондай-ақ фольклор мәтіндері, тарихи көне жәдігерлер аталады.

Бұқаралық мәдениет мәтіндерінің қатарына медиадискурс, ән, жарнама мәтіндері кіргізіледі.

Бұл мәтіндерді, олардың әр түрлі бөліктерін белгілі бір лингвомәдени қоғам мүшелері өзінің ауызша, жазбаша сөзіне тұрақты, үнемі, түрлі мақсатта жиі енгізіп отырады, яғни олардың қолданыс жиілігі жоғары.

Осы тұрғыдан келгенде Абайдың өлмес мұрасы күшті әдеби мәтіндердің бірегейі деп санала алады.

Абайдың танымдық базасы мен кеңістігінің қалыптасуы туралы М. Әуезов былай дейді: «Абай бүкіл қазақ халқының арғы-бергі заманда ауыз әдебиет үлгісінде тудырған шығармаларын: мақал-мәтелдерінің, аңыз-ертегілерінің, үлкенді-кішілі дастандарының қазынасын да білді. Жазба күйде жетпесе де, ауызша айтылып, жыраққа тарап жатқан шешендік сөздердің, айтыс-тартыстардың және өзінен бұрынғы, өзімен тұстас әлденеше жеке ақындардың да шығармаларын көптен-көп естіп, ұғынып, жадында тұтып, қолданып өсті» [2; 252]. Бұл пікірді осы заманғы қазақ көркем әдеби үдерісіне қатысушыларға қатысты да айтуымызға болады, себебі қазақ қаламгерлері үшін Абай шығармалары ұғынып, жадында тұтып, қолданылған мәтіндер екені байқалады. Мысалы, «Англияда оқып жүр» сатиралық туындысына назар аударған бетте Хакім Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңінің құрылымы да, семантикасы да еске түседі:

*Англияда оқып жүр,  
«Дөкей» көкем баласы.  
Новый қазақ, бундурхит,  
Ана тілдің шаласы.  
«Балам бәрін білді» — деп  
Секеңдейді анасы.*

Өлең атауының өзі әр қилы ассоциациялар тудыруға, болжам жасауға, интерпретациялауға негіз бола алады. Эмоционалды мәні жағымсыз лексика, қазіргі қазақ қоғамына тән жаргондар (*дөкей, көкем, новый қазақ, бундурхит — вундеркинд, құлық, понятка, конкретный*), макаронизмдер (*заявление, дача, вилла, казино, азарт, история, мистер*) мен жалпыхалықтық, ұлттық мәдени-рухани лексика айқын контраста алынған. Туындыда Абайдың сөзқолданысы, сөйлем құрылымы, сатира нысандары бірден танылғанмен, дәстүрлі қазақ отбасындағы құндылықтардың да, қалыптасқан тәртіптің де өзгергенін ақын ықшамды көрсетеді: *ана тілдің шаласы, секеңдейді анасы*.

Бұның өзі А. Байтұрсынұлының «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. *Онан кейін үлгілі жазушылардың сөзін оқып*, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі» [3; 349] деген тұжырымының дәлелі және осы бір ғана мысалдан байқалып отырғанындай, данышпан Абайдың өлеңдері қазақ қаламгерлерінің бірнеше буынына өте жақсы таныс, үлгілі сөз ретінде олардың дүниені қабылдауына, тануына, өз бетінше интерпретациялауына ықпал еткен.

Абай өлеңдерін күшті әдеби мәтіндер ретінде таныту үшін лингвистикалық талдау, интерпретациялау, контекстік талдау, тілдік сипаттама әдістері ұштастырылды.

*Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Қазақ қаламгерлерінің әр кезеңде өмір сүрген бірқатар өкілдеріне «сөзі үлгілі болған» Абайдың ықпалы түрлі деңгейдегі цитация арқылы көрінеді, мәселен, *сөз тіркесі деңгейіндегі* цитацияның мысалы ретінде Ғ. Жайлыбайдың шумақтарын қарастыруға болады:

*Жалына жүйрік жырдың жармасқалы,  
Жанымның жарқ-жұрқ етіп алдаспаны.*

*«Туғанда дүние есігін ашқан өлең»,  
Мен саған жетіп едім жалғасқалы.*

*Мыңменен жалғыз алысқан Абай,*

*Шыңғыстан шыңға беттедің.*

*Артылып туған данышпан Абай*

*Тектіден туған текті едің.*

Ғ. Жайлыбайдың алғашқы шумағында Абайдың өз жолдары эпитет ретінде алынып, ұлы ақынның өзін сипаттауға қолданылса, екіншісінде континуумы трансформацияланған Абай сөйлемі сөз тіркесіне айналдырылып, қаратпа сөз ретінде жұмсалған.

*Сөйлем деңгейіндегі* цитация М. Мақатаевтың мына жолдарынан байқалады:

*Жақтасаң да өзің біл, даттасаң да,*

*Соттасаң да еркің бар, ақтасаң да.*

*Мен де жұмбақ адаммын, оны да ойла,*

*Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да!*

М. Мақатаев өз өлеңінде Абайдан алынған сөз тіркесі мен сөйлем бар екенін *да, де* демеулік шылаулары мен бұйрық райдағы етістік, үнемі өтіп жататын үдерісті көрсететін қалып етістігін болымсыз түрдегі шартты райға қою арқылы байқатады.

Ал тұтас өлеңнің мәтін ішіне енгізілуі М. Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесінен көрінеді:

Жазушы эпиграфқа алған Мопассанның бір кейіпкерінің сөзі мен әңгіме семантикасы мүлде қайшылықты: « — Иә... шын сүйе алатын тек әйелдер ғана». Атаудағы әйел сөзі әңгімеде төрт рет қана кездеседі, алғаш бейтараптығы нәтижесінде тек жай ғана номинативтік қызметте қолданылса (*Бес биенің сабасындай толық, етжеңді келген қара торы әйел Бәтима өзінің бір кезде қыз болғанына шынымен таңырқағандай сәл аңырып қалды да,...; Құшақтасып, күлісіп, біраз мауқын басқан соң екі әйел үй, тұрмыс, тіршілік жайын сөз етіп кетті*), әңгіменің орта тұсында алдында тұрған эпитет арқылы коннотациясы айқын эмоционалды қолданысқа айналған: *Бірақ менде әйелдің, әлі өмірді білмейтін, әлі ләззаттың дәмін татпаған парықсыз әйелдің тәкаппарлығы бар еді*. Осы қолданыс эпиграфпен де, атаумен де толық қайшылықта.

Әңгімеде сөйлеу субъектісі сатылап бірнеше өзгертілген: III жақтағы баяншы I жақтағы Зиямен алмастырылып, Зияның өзі Төлегеннің хатына кезек береді. Әрине, бұл жердегі сөйлеу субъектісінің өзгеруі фиктивті (жалған), себебі келтіріліп отырған Зияның әңгімесінің де, Төлеген хатының да авторы — жазушының өзі. Бұл лингво-композициялық тәсілді қаламгер Зия мен Төлегеннің әрқайсысының образын ашуға, әңгіменің эмоционалдылығын контраст арқылы күшейтуге қолданған. Сөйлеу субъектісінің өзгеруін автор оқырманға тілдік маркермен байқатады. Төлеген Зияның барлық іс-әрекетін — парықсыз еркелігін, жастық менмендігін, ойсыз тентектігін Абай өлеңіне сыйғызады:

*...Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,*

*Саған жар менен артық табылса да.*

*Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,*

*Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,*

*Шыдайды риза болып жар ісіне,*

*Қорлық пен мазағына табынса да.*

Төлеген өзінің көңіл-күйін, жағдайын мейлінше толық, мейлінше дәл, мейлінше әсерлі береді деген бір жолды қайталау арқылы өзін сипаттайды:

*Шыдайды риза болып жар ісіне...*

Бұл интертекст Төлегеннің өзіне де, авторға да, оқырманға да оны мінездеуге мүмкіндік береді. Себебі қарама-қайшы түрлі сезімдердің шарпысуын, күресін көрсететін өлеңді таңдау Төлегеннің білім-парасатын, рухани дүниесінің жан-жақтылығын, жоғарылығын танытады. Екі адамның арасындағы қарым-қатынас Зияның әңгімесі мен Төлегеннің хатында қатар, параллель, бірақ екі адамның көзқарасымен суреттелгендіктен, оқырманның бұл екеуі туралы пікірі толық болады.

Әсіресе Зияның образын ашуға хаттағы эмоционалды-экспрессивті лексика, контраст, графикалық тәсілдердің ақпараттығы көп қызмет етеді. Әңгімедегі хат ішкі интертекст болса, Абай өлеңі — сыртқы интертекст. Автор оқырманның тілдік құзіретіне күмәнді, сондықтан да өз кейіпкеріне өлең иесін ататып, түсіндірме жасатады.

Абай өлеңдерінен алынған интертекстер түрлі қызмет атқарады:

1) Көркем мәтінде өзі түскен контекстің әсер-қуатын арттыруға қызмет етеді. Мысалы:

*Өлмеу үшін — құлқынды жемдеу үшін*

**Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.**

**«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»**

*Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін* (М. Мақатаев).

Ақын осы шумақта Абайдың өлең жолдарының бірін еш өзгеріссіз беріп, тырнақша арқылы оның цитата екенін көрсетсе, екіншісін автор поэзияның талаптары бойынша ырғақ, буын сәйкестігі үшін өзгерткен.

2) Автордың немесе лирикалық субъектінің өзі идеал тұтқан объектіні бағалауы үшін қолданылады:

*Қараулықтың қапаста қаңғыр үні*

*Мен де ән салам. Сан адам салды мұны.*

**«Жаза алмайтын өлеңді ермек үшін»**

*Жақсылардың болайын жаңғырығы* (Г. Салықбай).

Бұл мысалда Абай сөзі анық танылса да, оны қолданып отырған ақын тек оны ғана емес, басқаларды да есте ұстап отыр деп түсіну керек.

3) Автор өзі суреттеп отырған жағдайдың таңбасы ретінде қолданады, яғни Абайдың бір ғана жолы арқылы қазіргі қазақ қоғамындағы жершілдік, жікшілдік, рушылдық сияқты кертартпа қарекеттерді ұстанушы көсемсымақтардың жиынтық бейнесін танытады:

*Дүрбелеңнен сыр тартсам дерек шығар,*

*Тарихымның тор көзі елеп шығар.*

**Бас-басына би болған қиқымдарға,**

*Құнанбайдай бір кие керек шығар* (Ғ. Жайлыбай).

Ал мына мысалдарда мәтіннің жекелеген фрагментін авторлар өз өлеңдеріне кіргізгенде тырнақшамен ажыратып, бөгде сөз екенін көрсетпесе, тұтас мәтінге етене қабысқандықтан жаттығын байқамаймыз десе де болады:

Жоқ-барды жазып-сызып, күштеп танып,

Ақпарлы, әжік-күжік істі атқарып,

Батырмыз — тоқсанымыз тоқты жыққан.

Жатырмыз — **«болмасақ та, ұқсап бағып!»**

Бағасын берер ұрпақ, түстеп, танып.

Дос іздедім, тірліктен табылмады,

Ақылды, қайраты мол — қабырғалы.

**«Жалғандықтан жасалған көңіл екен» -**

Кешегі доспын деген жанның бәрі.

Жас шамалары әр түрлі болғанмен, ұлттық когнитивтік кеңістіктері бірдей екі ақын — Әбдіраштың Жарасқаны мен Маралтай Райымбеков — Абайдың дайын сөзқолданысымен өз өлеңдерінің семантикасын күшейтуге ұмтылады. Төмендегі шумақта Маралтай ақын Абай өлеңіне сілтеме береді, яғни сол баяғы лексикалық индикаторымен нақтыланады:

*Сені аңсамай жазған жырым — нұрсыз кіл,*

*Сен жоқ жерде — тұл дүние күнсіз тұр.*

*Мендегі хал, сол баяғы, баяғы -*

**«Көзбен ұғып, ішпен сезер, тілсіз тіл!»**

#### Қорытынды

Байқалып отырғандай, хакім Абайдың сөзі М. Мақатаев, М. Мағауин, Ж. Әбдірашев, Ғ. Жайлыбай, Г. Салықбай, М. Райымбек, Ж. Сәрсек сияқты ақын-жазушылардың көркем шығармаларының семантикасын толықтырып, байытып, оқырманға әсерін арттырып тұр. Аталған қаламгерлердің шығармашылық үдерісі 60–70 жылды қамтыса, қазір де Абайдың сөзін жадында

үнемі жаңғыртып келе жатқан ақындар шоғыры бар екені байқалады, мәселен, Мирас Асанның мына шумақтарынан Абайдың сөзқолданысы бірден танылады:

Жырақ қалма қызықты жыр-ән кештен,  
Шындыққа да берік бол шыған көшкен.  
Алты құрлық, төрт мұхит — *барлығын сүй*,  
Алты Алашты бірақ та шығарма естен;

Тым-тырыс неге мынау мекен барлық,  
Заһарды ішем үнсіз шекер бал ғып...  
Хакім кеп айғай салған *жартас* — мен-ау,  
*Қаңқ етін*, қайта мылқау кетер қалғып!

Ал бұл ақын ХХІ ғасырдың кейінгі онжылдығында өлеңі арқылы таныла бастағанын ескерсек, ғұлама Абайдың мұрасы ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жететінінің дәлелі деуге болады, яғни танымдық білім аясы, кеңістігі ұлттық мәдениет негізінде қалыптасқан қаламгерлер үшін Абай өлеңдері сөз өнерінің үлгісі, өлшемі болып қала беретіні сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Денисова Г.В. В мире интертекста: язык, память, перевод / Г.В. Денисова. — М.: Азбуковник, 2003. — 298 с.
- 2 Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы / М. Әуезов. // Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 19-т. — Алматы: Жазушы, 1985. — Б. 247–272.
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынов // Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 462 б.

А.С. Адилова, Б.С. Каукербекова

#### Абай и современные казахские художественные тексты

В статье рассмотрена роль произведений Абая в современных казахских художественных текстах. Каждый автор передает свое мировоззрение и мироощущение в различных ситуациях посредством художественного текста. Его лексикон включает в себя, наряду с различными средствами национального языка, фрагменты разнообразных текстов, известных в различной степени в определенном лингвокультурном сообществе, а также словоупотребления поэтов и писателей, живших и творивших до него. Такие фрагменты могут использоваться без каких-либо изменений или с трансформацией. В казахском лингвокультурном сообществе сильными литературными текстами с высокой частотностью использования можно назвать стихотворения Абая. Цитацию на уровне структуры слова, словосочетания, предложения, целого текста можно увидеть в поэтических и прозаических текстах последних 60–70 лет в казахском литературном процессе. В этой связи сразу вспоминаются тексты таких литераторов, как М. Макагаев, М. Магауин, Ж. Абдрашев, Г. Жайлыбай, Г. Салыкбай, М. Райымбек и Ж. Сарсек. Указав, что эта тенденция успешно продолжается молодыми поэтами нынешнего, ХХІ века, авторами сделан вывод о том, что наследие Абая является эталоном словесного искусства для все новых поколений поэтов и писателей.

*Ключевые слова:* художественный текст, сильный литературный текст, стихотворения Абая, элитарная языковая личность, цитация.

A.S. Adilova, B.S. Kaukerbekova

#### Abay and modern Kazakh art texts

The article considers the place of Abay's poems in modern Kazakh artistic texts. Each author conveys his worldview and worldview in different situations through an artistic text. His lexicon includes, along with various means of the national language, fragments of various texts known to varying degrees in a certain linguistic and cultural community, as well as the word use of poets and writers who lived and worked before him. Such fragments may be used without change or

with a transformation. In the Kazakh linguistic and cultural community, Abay's poems can be called strong literary texts with a high frequency of use. Quotation at the level of structure, word, phrase, sentence, whole text can be seen in poetic and prose texts of the last 60–70 years in the Kazakh literary process. In this regard, the texts of such writers as M. Makataev, M. Magauin, J. Abdrashev, G. Zhailybai, G. Salykbai, M. Raiymbek, J. Sarsek are immediately recalled. Pointing out that this trend continues by young poets engaged in creativity in the last decades of this, XXI century, the authors concludes that the legacy of Abay is a standard of verbal art for more generations of poets and writers.

*Keywords:* artistic text, strong literary text, poems by Abay, elitist language personality, quotation.

#### References

- 1 Denisova, G.V. (2003). *V mire interteksta: yazyk, pamiat, perevod [In the world of intertext: language, memory, translation]*. Moscow: Azbukovnik [in Russian].
- 2 Auezov, M. (1985). *Qazaqtyn adebi tili turaly [About Kazakh literary language]*. (Vol. 1-20; Vol. 19). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Baitursynov, A. (1991). *Adebiet tanytqysh [Literary criticism]*. Ak zhol – White rood. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].